

Аягөз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 қаңтардағы № 43/301-VI "2020-2022 жылдарға арналған Аягөз ауданының Ақтоғай кенттік округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қарашадағы № 53/478-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 қарашада № 7817 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 55/530-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 25.12.2020 № 55/530-VI шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына және Аягөз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 қазандағы №53/469-VI "2020-2022 жылдарға арналған Аягөз ауданының бюджеті туралы" Аягөз аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы №42/291-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7774 нөмірімен тіркелген) сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аягөз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 қаңтардағы № 43/301-VI "2020-2022 жылдарға арналған Аягөз ауданының Ақтоғай кенттік округінің бюджеті туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6581 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2020 жылдың 21 қаңтарында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Ақтоғай кенттік округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 171233,0 мың теңге, соның ішінде:
салықтық түсімдер – 29324,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 6,0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 141903,0 мың теңге;
2) шығындар – 176575,9 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, соның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге, соның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 5342,9 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 5342,9 мың теңге, соның ішінде:
қарыздар түсімі – 0,0 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 0,0 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 5342,9 мың теңге.";
аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аягөз аудандық мәслихат хатшысы

А. Касымжанов

К. Досиханов

Аягөз аудандық мәслихатының
2020 жылғы 6 қарашасы
№ 53/478-VI шешіміне қосымша
Аягөз аудандық мәслихатының
2020 жылғы 10 қаңтардағы
№ 43/301-VI шешіміне
1 қосымша

2020 жылға арналған Ақтоғай кенттік округінің бюджеті

Санаты				Сума (мың теңге)
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
		Атауы		
		І. Кірістер		171233,0
1		Салықтық түсімдер		29324,0
	01	Табыс салығы		18450,0
	2	Жеке табыс салығы		18450,0

04	Меншікке салынатын салықтар	10874,0
	1 Мүлікке салынатын салықтар	400,0
	3 Жер салығы	1800,0
	4 Көлік құралдарына салынатын салық	8674,0
2	Салықтық емес түсімдер	6,0
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	6,0
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6,0
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0,0
	1 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0,0
4	Трансферттер түсімі	141903,0
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	141903,0
	3 Аудандық (областық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	141903,0

Функционалдық топ				Сома (мың теңге)
Функционалдық кіші топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
II. Шығындар				176575,9
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	34124,4
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	34124,4
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	34124,4
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	32374,4
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1750,0
04			Білім беру	0,0
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	0,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,0
		004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	0,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	18500,0
	3		Елді-мекендерді көркейту	18500,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	18500,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	9120,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	0,0
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	0,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	9380,0
12			Көлік және коммуникация	118097,0
	1		Автомобиль көлігі	118097,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	118097,0

		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	7500,0
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	110597,0
13			Басқалар	5756,0
	9		Басқалар	5756,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5756,0
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	5756,0
15			Трансферттер	98,5
	1		Трансферттер	98,5
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	98,5
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	98,5
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			Бюджеттік кредиттер	0,0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	- 5342,9
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	5342,9
			Қарыздар түсімі	0,0
			Қарыздарды өтеу	0,0
	8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	5342,9
		01	Бюджет қаражаты қалдықтары	5342,9
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	5342,9